

Н. Тадышева¹ , **М. Ноғайбаева²** 

¹С. Суразаков атындағы Алтайтану институты,
Ресей, Алтай Республикасы, Горно-Алтайск қ., e-mail: tadisheva@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nmendigul@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ: АЛТАЙ АҢЫЗДАРЫ МЕН БАТЫРЛАР ЖЫРЫ НЕГІЗІНДЕ

Түркі халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесінің құрылымының сипаттамасын қалпына келтіруде алтайлықтардың аңыздары мен батырлық жырларындағы мифологемдерді зерттеу маңызды. Мақалада жобаны жүзеге асыру барысында Алтай Республикасы аумағында жинақталған далалық материалдар мен алтайлықтардың батырлық жырларын талдау негізінде Орталық Азия халықтарының ауыз әдебиеті дәстүрі арасындағы өзара тарихи байланыстар анықталып, Алтай батырлар жырларындағы мифологиялық сюжеттер руна жазба ескерткіштерінің сюжеттерімен, қазақ мифтерімен салыстырмалы түрде талданды. Далалық экспедиция барысында жазып алынған аңыз әңгімелерді талдау барысында түркі халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесінің құрылымының сипаттамасын қалпына келтіруге мүмкіндік алдық. Аңыздық прозада алтайлықтардың қоршаған әлем, табиғи және әлеуметтік шындық туралы архаикалық мифологиялық және діни түсініктері көрсетілді. Осы тұрғыда түркілердің кеңістіктік-уақыттық дүниетанымының күрделілігін атап өту керек, бұл мағынада әлемдегі заттардың қарапайымдылығы туралы нақты айта алмаймыз. Алтай мифтерін қазақ мифтерімен салыстырмалы талдау бізді ежелгі түркілер өздерін әлемнің ажырамыс бір бөлгі ретінде қабылдағаны туралы қорытынды жасауға тура келеді. Ежелгі түркі дүниетанымы бойынша адамдар мен табиғаттың тұтастығы әлемнің жаратылуының ажырамас бөлігі ретінде көрініс беріп, олар қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениеті, табиғатқа, космосқа және оның заңдарына деген сый-құрмет, табиғат, қоғам және адам қатынасы ерекшеліктері туралы дүниетанымдық философияны негіздегенін байқаймыз.

Түйін сөздер: дәстүрлі мәдениет, дәстүрлі этикет, сакралдылық, тұрақтылық.

N. Tadyшева¹, M. Nogaiyayeva²

¹Surazakov Scientific-Research Institute of Altaistics,
Russia, Altai Republic, Gorno-Altai, e-mail: tadisheva@mail.ru

²Al-Farabi Kazak National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nmendigul@mail.ru

Image of the world in the worldview of the turkic peoples: based on the legends of Altai and batyrs

In describing the structure of the image of the world in the worldview of the Turkic peoples, it is important to study the mythologies in the legends and heroic songs of the Altaians. The article analyzes the field materials collected during the project implementation in the territory of the Altai Republic and reveals historical relationships between the traditions of oral literature of the Central Asian peoples of the heroic epochs of the Altaians. The mythological stories in the songs of the Altai batyrs were compared with the stories of Russian written monuments and Kazakh myths. During the field expedition, we were able to restore the description of the structure of the image of the world in the worldview of the Turkic peoples in the process of selecting a legend. Mythological prose demonstrated archaic mythological and religious ideas of the Altaians about the surrounding world, natural and social reality. In this context, we should note the complexity of the space-time worldview of the Turks, in this sense, we can not clearly speak about the simplicity of objects in the world. Comparative analysis of Altaic myths with Kazakh myths leads to the conclusion that the ancient Turks perceived themselves as an integral part of the world. According to the ancient Turkic worldview, we will note that people and nature appear as an integral part of the existence of the world, they justify the worldview philosophy about the culture of

ecological attitude to the environment, respect for nature, the cosmos and its laws, the peculiarities of the relationship of nature, society and man.

Key words: traditional culture, traditional etiquette, sacredness, stability.

Н. Тадышева¹, М. Ноғайбаева²

¹Алтайский институт им. С. Суразакова,
Россия, Республика Алтай, г. Горно-Алтайск, e-mail: tadisheva@mail.ru

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nmendigul@mail.ru

Образ мира в мировоззрении тюркских народов: на основе легенд Алтая и батыров

В воссоздании описания структуры изображения мира в мировоззрении тюркских народов важно изучить мифологемы в легендах и героических песнях алтайцев. В статье на основе анализа степных материалов, собранных в ходе реализации проекта на территории Республики Алтай, героических эпох алтайцев были определены исторические взаимосвязи между традициями устной литературы народов Центральной Азии, мифологические сюжеты в песнях батыров Алтая были сравнительно проанализированы с сюжетами руновых письменных памятников, казахскими мифами. В ходе полевой экспедиции мы смогли восстановить описание структуры изображения мира в мировоззрении тюркских народов в процессе выбора легенды. Сказочная проза продемонстрировала архаические мифологические и религиозные представления алтайцев об окружающем мире, естественной и социальной реальности. В этом контексте следует отметить сложность пространственно-временного мировоззрения тюрков, в этом смысле мы не можем четко говорить о простоте предметов в мире. Сравнительный анализ Алтайских мифов с казахскими мифами позволяет сделать вывод о том, что древние тюрки воспринимали себя как неотъемлемую часть мира. По древнетюркскому мировоззрению целостность мы заметим, что люди и природа есть как неотъемлемая часть существования мира, они обосновывают мировоззренческую философию о культуре экологического отношения к окружающей среде, уважении к природе, космосу и его законам, особенностях отношения природы, общества и человека.

Ключевые слова: традиционная культура, традиционный этикет, сакральность, устойчивость.

Кіріспе

Аңыздар, мифтер алтайлықтар фольклорының маңызды бөлігін құрайды. Оның көркемдік-идеялық негізі – халық білімі, тарихи оқиғалар, мифология, дін және халық мәдениеті болып табылады.

Алтай фольклорын жазып алу ісін ХІХ ғасырда В.В. Радлов бастағаны белгілі. Оның далалық жазбаларының нәтижелері «Из Сибири: Страницы из дневника» және «Образцы народной литературы тюркских племён» (Радлов 1989) атты еңбектерінде жарияланған. Алтайлықтардың мифологиясына қатысты құнды мәліметтер Г.Н. Потаниннің «Очерки Северо-Западной Монголии» еңбегінде жинақталған (Потанин 1883).

Алтай тілі мен фольклорын зерттеуде Алтай діни миссиясының мүшесі В.И. Вербицкийдің орны ерекше. Автордың «Алтайские инородцы» атты еңбегінде этнографиялық және фольклорлық материалдардың мол қоры жинақталған (Вербицкий 1893). Алтайлықтардың фольклоры мен этнографиясын зерттеу ХХ ғасырдың 20-40-шы жылдарында таулы Алтайда А.В. Анохин,

Н.П. Дыренкова, Е.А. Каруновская, А.Д. Данилин және т. б. белгілі түркітанушылар жұмыс істеген кезде жалғасты.

1950-1970 жылдары алтай фольклорын жинаумен және оны жариялаумен ғалым-фольклоршы С.С. Суразаков айналысып, «Устное народное творчество алтайцев», «Алтай фольклоры» еңбектерін жариялап (Суразаков 2015), «Алтай батырлар» сериясын құрды.

Посткеңестік уақытта фольклористер халықтың ауызша шығармашылығын жинау және көпшілікке тарату бойынша жұмысты жалғастыруда. Фольклордағы әлемнің дәстүрлі бейнесінің көрінісін В.А. Мутуев, Е.Е. Ямаева, Л.И. Шерстова және Н.О. Тадышева тәрізді этнографтары қарастырып келеді (Муйтуева 2004).

Аңыздық проза алтайлықтардың қоршаған әлем, табиғи және әлеуметтік шындық туралы архаикалық мифологиялық және діни түсініктерін көрсетеді. 2019 жылы жоба аясында жиналған алтайлықтардың мифтері екі тілде ұсынылып отыр. Алтай мәтіндері орыс тіліне параллель аудармамен сүйемелденеді. Мақаланы дайындау барысында мәтіндер қазақша аудармасымен берілді (тікелей аудар-

ма жасаған. – *М.Н.*). Далалық экспедиция барысында жинақталған материалдардың мәтіндері қандай да бір бұрмалаусыз және әдеби араласусыз шынайы халықтық сөйлеуді, тілдің диалект формаларын міндетті түрде сақтай отырып (бірақ лингвистер қолданатын диакритикалық белгілерді қолданбай, яғни әр тілдің қазіргі әліпбиі шегінде) жазылады.

Фольклористік принциптерді негізге ала отырып, аудармашы ақындық ойдың мәнін нақты ұстап, орыс, қазақ тілінде беруге тырысады. Қажет болған жағдайда түсіндірме сөздер шаршы жақшада келтіріледі.

Әдіснамалық талдаулар

Далалық экспедиция барысында жазып алынған аңыз әңгімелерді талдау барысында түркі халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесінің құрылымының сипаттамасын қалпына келтіруге мүмкіндік алдық. Мысалы, «Масаны жарату туралы» аңызда (ақпарат беруші – Модорова Р.Б.) әлемнің үш сатылы құрылымы, екі Құдай: Жоғарғы – Құдай және төменгі – Эрлик би туралы әңгімелейді.

«Қара ара және сары ара туралы» (ақпарат беруші – Модорова Р.Б.) аңызда адам әрбір әрекеті үшін жауапты екендігі айтылады. Мәселен, аңыз бойынша ашкөз қара ара жазаланды, ал сары бал ара өзінің қонақжайлығы үшін керісінше жақсылыққа қол жеткізеді. Алтай халқының «Жокко жок кожулар, барга бар кожулар» (қаз тіліндегі мағыналық аудармасы «жөккә жөк қосылады, барға бар қосылады») деген мақалының мағынасы бойынша қазақ халқының «жақсы сөз жарым ырыс» деген мақалымен, яғни жақсы сөйлеп жақсылықтан үміт үзбесең жақсылық, жамандық шақырсаң жамандық қасыңнан табылады деген мағынамен үндеседі.

«Көкек туралы» аңыз (ақпарат беруші – Р.Б.Модорова) балаларды тәрбиелеу туралы, бірақ көкектің пайда болуы туралы мифтердің басқа нұсқалары отбасымен байланысты екендігі қызықты. Мәселен, «бұл көкек құс болған» деген мифтің желісі былайша өрбиді: «Бұл көкек құс болған жоқ. Бұрын пайда болған кезде ол адам болды. Жетім бала еді. Оны жақсы көрмеген адамдар оны қысып, жаман өмір сүрді. Оны ұрған кезде, ол бұрылып, жүгірді, оның бір аяғын ұстап, аяқ киімін тартқан кезде, ол ағашқа аяқ киімсіз өрмелейді. «Мен көкек болып та ұша аламын», – деді де ұшып кетті. Сол кезден әлемде осындай құс пайда болды. Сондықтан

ол әрдайым ән айтады. Егер оның әніне құлақ ассаңыз (сіз естисіз):

Сұр сүйек!
Сұр жапырақты!
Құрғақ сүйек!
Құрғақ балқарағай!
Жас сүйек!
Жас балқарағай! –

деп ән айтады (Ойноткинова, Шинжин, Яданова, Ямаева 2011:165)

Немесе «неге көкек балапандарын емізуді тоқтатты?» деген мифте «Ертеде барлық жануарлар пайда болған кезеңде үлкен мереке болды. Бұл мерекеге көкек келмеді, себебі балапанын басып отырды, ертеңі балапандары жұмыртқадан шығуы керек еді.

Сондықтан, Құдай, оны шақырып:

– Неге кеше, мен үлкен мереке өткізген кезде, келмедің? – деп сұрады.

– Балапандарымды басып келе алмадым, – деп жауап берді көкек.

Сонда Құдай оған: Бір рет сен менің мерекеме келе алмадың, енді сен өз балапандарыңды ешқашан тамақтандырмайсың! (Ойноткинова, Шинжин, Яданова, Ямаева 2011:165-167) деген үкім шығарған екен.

Алтайлықтардың дәл осы мифі қазақ халқының этиологиялық мифтерінің ішіндегі «Көкек» туралы мифпен астасып жатқанын көреміз. Бұл мифтің желісі бойынша бір әулиенің қарғысына ұшыраған жиен бала көкекке айналады (Бабалар сөзі 2011:96).

Алтайлықтардың аспан денелері туралы аңыздарындағы космогоникалық сюжеттер – «айдың тұтылуы туралы» (ақпарат беруші – Модорова Р.Б.), «Ай туралы» (информант – Ойношев В.П.), «жұлдыздардың қасиеттілігі туралы» (ақпарат беруші – Ойношев В.П.) мифтерден көрініс береді, жалпы аспан денелерінің барлығы және оларға қатыстылардың барлығы қасиетті болып табылады, атап айтқанда, жұлдыздарды санауға болмайды, оларға қатысты өзінің арманыңды орындауға болады және с.с.

Келесі аңыздар желісі алтай мифтеріндегі басты кейіпкерлердің бірі – Делбеген туралы болып келеді. Аңыз бойынша ол адам кейпіндегі жеті басты құбыжық. Бір басы тамақ жеген, екіншісі ән салған, үшіншісі ұйықтаған, төртіншісі күлген, бесіншісі жылаған, алтыншысы есінеген, жетіншісі сөйлеген. Бірақ, біраздан соң бастардың қызметі ауысып отырған. Сондықтан ол ешқашан тоқ та емес, ұйқысы да

қанбаған және т.с.с. кейіпте болған. Ол барлық тіршілік иелерін тірілей жұта берген.

«Делбеген» (ақпарат беруші – Кокшынова Г.Т.) және «Делбеген-1» (ақпарат беруші – Ойношев В.П.) мифінің сюжеті бойынша ай күнмен келісе отырып, Делбегенді (Желбеген / Елбеген) өзіне алып, алтайлықтарда ғана емес, Сібірдің басқа да халықтарында, атап айтқанда, тувалықтар, хакастар, шорлықтардың фольклорында кездесетін мифтік құбыжықтан адамдарды құтқарады. Бұл мифтің басқа нұсқаларында құбыжық Делбеген аспанға шиесі, бұта, темір терек алып кетеді. Көбінесе Ай аспанға Делбегенді ағашпен, шелекпен бірге алып кеткені туралы нұсқасы кездеседі.

«Делбеген-2» мифі бойынша (ақпарат беруші – Ойношев В.П.) бір баланы орманда Делбегеннен үй иттері құтқарғаны туралы айтылады. Осы кезде жараланған иттердің бірі қасқырға айналды, адамдардың сатқындығы үшін олардан кек алады.

«Жердің есігі туралы» (ақпарат беруші – Ойношев В.П.) аңыз бойынша жердің аузы немесе есегі «кызыл энирде» (кызыл іңірде – М.С.) ашылады деген түсінік бар. Кешке қарай күн бата кезде сағат 7-8 аралығында, қыста сағат 5-6 аралығында қасиетті уақыт келеді, бұл кезеңде ата-бабалар әлеміне есік ашылады және адамның жаны кетеді деп есептеледі. Сондықтан бұл уақытта ұйықтау мүмкін емес (Тадышева 2017: 109). Дәл осы ұғым қазақ халқының «бей уақытта ұйықтауға болмайды» деген ырым-тыйымымен астасып жатыр. Қазақ ұғымындағы «бейуақыт» күн батып бара жатқан кез. Қазіргі кезде қазақ халқының ұғымында «бейуақыт» ұғымын исламмен байланыстыру орын алған, көріп отырғанымыздай бұл исламға дейінгі дүниетаныммен астасып жатыр. Ал алтайлықтарға христиандықтың тигізген әсерін мұнара, ағын, адам жаны туралы мифтерден көруге болады (ақпарат беруші – Ойношев В.П.). Бұл мифтердің сюжеттері христиан аңыздарындағы әлемнің пайда болуы мен адамның жаратылуы туралы мотивтерді қайталайды.

«Кұйын туралы» (ақпарат беруші – Кокшынова Г.Т.) миф алтай фольклорында жеке кездеседі әрі көбінесе ауызша айтылатынды. Жалпы сюжет бойынша құйынның ортасына түскен адам, немесе киімін құйын әкеткен, үйін құйын қиратқан адам жақын арада ауырады немесе өледі (Ойноткинова, Шинжин, Яданова, Ямаева 2011:470).

Қазақ халқында да құйынға қатысты ырым-тыйымдар сақталған. Адамдар құйынды белгісіз

қара күштер туғызады, сондықтан құйыннан аулақ жүру керек деген пікірмен, құйын шыққанда дұға оқи бастайды.

«Шаманның (баксының) балқарағайы» (ақпарат беруші – Кокшынова Г.Т.) туралы мифке қатысты нақты деректерді зерттеушілер XIX ғасырдың өзінде атап көрсеткен болатын. «Алтайда «Кам-ағач» қасиетті ағаштары бар, бұл орман рухының орны. Ағаш ортасында немесе жоғарғы жағында қалың су өткізбейтін жасыл бөрік бар. Сугашем өзенінің артында осы ағаштар көмкерген Камдыд (сөзбе сөз: Шаманның балқарағайы) кілті бар (Ядринцев 1881:17) деген мәлімет сақталған.

Кейбір ағаштардың «оғаш формасына» қарай қасиетті деп саналып, оларды қандай да бір тылсым күш, қандай да бір рух өмір сүреді деген сенім ұялатқан. Осыған байланысты алтайлықтардың балқарағай – «тыт» туралы түсініктері өте қызықты. Халық бұл ағашты қастерлеуді шамандардың қызметімен байланыстырды. Шамандық түсінікке сәйкес, бұл ағашты кезінде Құдайдан камның өзі (кам – Алтайдың түркі халықтарындағы шаман – М.С.) сұрап алған. Тіпті қазіргі Алтайдың сөзінде жиі «кам-тыт» (шаман балқарағайы, шаман-балқарағай) деген сөзді жиі кездестіруге болады. Бірақ, барлық балқарағайлар бұл санатқа жата бермейді. Белгілі бір белгілері бар, әсіресе сәнді өрілген бөрігі бар балқарағай ғана шаман ағашы ретінде қасиетті саналған. Өзіндік шар тәрізді жабыңқысы балқарағайдың ұшында немесе ортасында өссе, бұл ағаш шаманға тиесілі деп есептеген алтайлықтар «кам-тытқа» жақындамайтын болған (Кыпчакова, 2006: 133). Ақпарат берушілер бұл ағаштың рухы, иесі шаманға қамқорлық жасайды, сондықтан қарапайым адамға теріс әсер етуі мүмкін деген түсінікті алған тартады.

Көріп отырғанымыздай, шаман балқарағайы жалпы түркі мифологиясындағы әлем бәй-терегімен байланысты. Қазақ дүниетанамында да айдалада жалғыз өсіп тұрған жайқалған ағашты әулие тұту, оған тылсым күшін майындау дәстүрі (ағаш бұтақтарына шүберек байлау, т.с.с.) бүгінгі этнографиялық өмірімізде де сақталып отыр.

Түркі халықтарының дүниетанамындағы әлем бейнесінің құрылымын, оның кеңістіктік қарым-қатынасын және мекендеушілерінің толық сипаттамасын қалпына келтіру бойынша зерттеулердің келесі бөлігі алтайлықтардың эпостарындағы «өзім» – «бөтен» бинарлы қарсылықтың көріністерін талдау негізінде қарастырылды. Бұл мәселе қазіргі таңда

элеуметтік және мәдени қатынастарға байланысты, сондай-ақ жалпы түркі халықтарының рухани тәжірибелерін қалпына келтіруде өзекті болып табылады. Белгілі бір топқа тиістілігі «өзінің» шекарасын анық бейнелейді, осының арқасында «бөтенмен» өзара іс-қимылдың негізгі нұсқалары белгіленеді.

«Өзім» және «бөтен» деп бөлу – әлемнің дәстүрлі бейнесінің негізгі мифологемаларына жататын басты мәдени қарсылықтық. «Өзім» – «бөтен» деген бинарлы қарсылық – бұл әр халыққа тән, әлемді ойша екі универсумға бөлу. Дүниені бұлай қабылдау ерте дәуірде қалыптасқан адамның мифологиялық көзқарастарының көріністері болып келеді. К. Леви-Стросстың айтуынша, ертеде «алғашқы қауымдық қоғам адамзаттың шегін өздерінің тайпалық шеңберінде ғана айқындаған, ал оның сыртындағылар бөтен ретінде қарастырылды» (Леви-Строс 1994:244). Кеңістікті «өзім» және «бөтен» деп территориялық тұрғыдан бөлу халықтар арасында жалғыз болмады, себебі бинарлы қарсылық «су – жер», «жоғары – төмен», «өмір – өлім», «жарық – қараңғы», «жақ-

сылық – жамандық» деген қарсылықтарда да көрініс тапқан (Леви-Строс К 2000:29-30). Дәл осы «өзім» – «бөтен» қарсылығының әсерінен кеңістіктерді «иемдену» басталады. Өзара қарым-қатынастарда тепе-теңдік пен араласпаушылықты сақтау үлкен рөл атқарады. Екі кеңістіктің өзара қарым-қатынастары кезінде байланыстар теңдік өзара алмасу негізінде жүзеге асады.

«Өзіңнің» кеңістігінің элеуметтік, діни, этикалық тұрғыдан реттелген, оның болмысы мінезқұлық нормаларына негізделген, бұл жалғыз әрі «нағыз», «шынайы» және «дұрыс» әлем. Ал «бөтеннің» кеңістігі – түсініксіз, белгісіз сырлары көп, қатерлі, қауіпті, әрдайым өмірге қатер төндіретін әлем. «Бөтен» – ол «өзіңнің» сыртындағылардың бәрі. «Бөтен» немесе «бөгде» – ол рухтар мен жануарлар, немесе көрші тайпа мекендейтін құдайлар әлемі, өлілер елі, ормандар мен көлдер болады.

Алтай батырлық эпосында «өзіңнің» кеңістігінің – ол *батырдың* туған мекені. Бұл жерде де ата-бабалар мен табиғат рухына табыну көріністерін байқауға болады:

*«Сүмер тайгаа адам болгон,
Сүт көл энем болгон,
Темир-Боро атка минген,
Шокшыл-Мергенмаатыр эдим.
(Шокшыл-Мерген 2011: 58-59)*

*«Шоқтығы биік тау – әкесі болған,
Сүтті көл – анасы болған,
Темир-Бороатқа минген
Шокшыл-Мерген батыр мен болам*

Немесе:

*Кускун-Кара баатыр болды.
Жүсучарлу Кара тайга адалу,
Жүскоолду Көкталайэнелү.
(Когютей 2018: 267-279)*

*Кускун-Кара баатыр болды.
Жүз ұшарлы кара тайга әкесі,
Жүк қолтықты көк өзен анасы.*

Танысу кезінде адамның туылған жері, рулардың таулары мен өзендері, туралы сұралады:

*«Қайдан келген кижі болгон,
Сузуп ичкен суун қайда,
Андан жүрген тайгаан қайда,
Адын-жолын кем болгон,
Каанкижибе, маатыркижибе?
(Кан-Кёклён, Кан Унуту 2011: 268-269)*

*«Қайдан келген кісісін,
Сүзіп ішкен суың қайда,
Аңға шыққан тайғаң қайда,
Аты жөнің кім,
Батырсың ба, хансың ба?*

Алтайлық діни-мифологиялық дәстүрде от-*айыл*-сакральдылық семантикалық ұғымдары өзінің айшықты белгілеріне ие болып келеді. *Айыл* қасиетті орын, ол қорғаушы, ол жердегі

от арқылы балалар мен жануарлардың рухтары жүріп өтеді. Сондықтан да, өзінің *айылына* жамандық әкелмеуі үшін эпостық жырдың батыры шайқастардан келген соң тазаланады:

*Атсыртынаминипалып,
Ааль-журтызааньанокийди.
Аржансуунеједипкелди,
Аттантүжүп, ичипалды,
Арташылаарташанды.*
(Дымей-Ару ла Шимей-Ару 2018: 190-191)

Атына мініп,
Ааль-журтты өз үйіне кетті.
Аржан суына жетіп келді,
Аттан түсіп, ішіп алды,
Аришынмен тазаланды.

Рулық таулар, өзендер алдын ала қауіптер туралы ескертеді:

*Жер-тенгери төзінде
Қара туман қайнап жатты.
Жерде тоозыны тенгери чыгат,
Тенгери тоозыны жерге түжет.*
(Бойдон-Кёкшин 2011:96-97)

Жер тәңірі төрінде,
Қара туман қайнап жатты.
Жердің тозы тәңірге жетті,
Тәңірі тозы жерге түседі.

Қауіптен құтқару үшін Бойдон-Коо рулық жартас болып саналатын қара жартасқа жүгініп, көмек сұрайды:

*«Жарык кайа, жарылып бер,
Ачык кайа ачылып бер.
Айтқан сөзім алқышту болгон,
Сураған сөзім болушту болгон».*
*Жарык кайа жарылаберди,
Ачыккайа ачылаберди.*
(Алтайын Сайын Салым 2018:118–119).

«Жарылғыш жартас, жарыл,
Ашылғыш жартас, ашыл.
Айтқан сөзім алқалы болған,
Сұраған сөзім бекер болмаған»
Жарылғыш жартас, жарыл,
Ашылғыш жартас, ашыл.

«Алтайын Сайын Салым» атты басқа жырда әпкесі өзінің өлі бауырының денесін оны тірілтетін тәсіл тапқанша оны жартасқа тығып қояды:

*«Ачык кайја,
ачыла-бәр!
јаңыс ақымды сууп салаін!
Лылым кайа,
жарыла-бәр!
јаңыс ақымды сууп салаін»!*
*Ачык кайја
ачыла-бәрді,
јаңыс ақызын сууп салды.*
(Кан-Кюлер, 2011:) 188–191)

«Ашылғыш жартас,
Ашыл!
Балғыз ағамды жасырайын!
Жарылғыш жартас,
Жарыл!
Жалғыз ағамды жасырайын»!
Ашылғыш жартас
Ашыл,
Жалғыз ағамды жасырдым.

«Өзім» және «бөтен» эмоциялы түрде қабылданды: «өзім» – жағымды, ал «бөтен» – жағымсыз түрде. Екеуінің де объективтілік қасиеттеріне бұл жерде еш мән берілмейді. «Бөтен» ол жаман образда және оның себебі оның бойындағы жаманшылықта емес, тек бар болғаны оның «бөтен» болғандығында ғана.

Егер де «бөтенге» қатысты кез келген зат, тұлға, елдімекендерге байланысты ешқандай аргумент қабылданбаса, онда бұл жерде мифологиялық қабылдау бар деп айқын айтуға болады.

«Бөтен» елге бара жатқанда, *баатырлар* «өзінің» жерінен бата беруді, көмек сұрайды:

*Қара Қуланың жүртүна аттанды,
Аттанып жүрүп отурдү.
«Қара тайкам, ақыш нәр!» тәдр.
Қајалу талаі, алқышпәр!» тәдр.
Қара Қуланың жүртүна жүрдү.
(Кан-Кюлер, 2011: 32-33)*

Қара-Құланың жұртына аттанды,
Асықпай жүріп отырды,
Биік тауым менің, бата бер!
Жартасты жағалаулы өзен бата бер! – деді.
Қара-Құланың жұртына аттанды.

Кејимсынду Алтайым,
Кеенөскөн жерлерім!
Алтаналтыталалу
Ақ тайгам, быян бер!
Ағын суузы чайбалған
Ақ талайым. болуш жетир!
(Бойдон-Кёкшин 2018: 170-171)

Керім сынды Алтайым,
Кең өскен жерлерім!
Алпыс алты жан жағы
Ақ тауым жақсылық бер!
Ағын суы шайқалған,
Ақ теңізім маған көмек бер!

Дәстүрлі көріністе жол – бақытсыздық саласы, онда адамдардың мінез-құлқы реттелмейді және күтпеген жағдайда әрі ешқандай әлеуметтілік

мүмкін емес. Жолдардың қиылысуы, өзендердің бірігуі мен бастаулары, елеулі биіктіктер, көпірлер белгісіз, игерілмеген кеңістікте орналасқан.

*Je, мынан ары барзан,
Јети јолдын белтиринде
Јетен кулаш куйрукту
Јеерен-кызыл тұлкү туштаар.
Je, мынан ары барзан,
Јети јолдын белтиринде
Јетен кулаш куйрукту
Јеерен-кызыл тұлкү туштаар.
Оны озмактапий,
Ононболуштысурапкөр,
Јер-энемайткан де.
Олбирдисегейдар,
Бирболужыңжетирер.
Бутемдектикөргүс!» – деп,
Јетикырлујесјебени
Јер-энезиалыпберди.
(Улагашев Н 2013:48–49).*

Егер одан әрі барсаң,
Жеті жолың торабында
Жетпіс құлаш құйрықты
Жирен қызыл түлкі кездеседі
Егер одан әрі барсаң,
Жеті жолың торабында
Жетпіс құлаш құйрықты
Жирен қызыл түлкі кездеседі.
Оны өте мақтап қой,
Содан соң көмек сұра.
Жер Ана айтты де.
Ол бір ақыл айтар,
Бір көмек көрсетер.
Мына белгіні көрсет!» – деп,
Жеті қырлы жебені
Жер Ана алып берді.

Бұл жерден біз құрбандық шалуды көреміз – бұл алтайлық батырлар жырында анық көрініс тапқан. Басты кейіпкер, батыр Алтай-Буучайды құтқару үшін, Жер-Анадан көмек сұрауға оның аты Қамшы-Дъеерен жіберіледі. Жер-Ана Қамшы-Дъееренге Алтай-Буучайды тірілту үшін жебе, жібек орамал берді (Улагашев Н 2013:47–57). Бұл жерде батырдың атын Қамшы-Дъееренді құрбандық шалуды және қасиетті күштерге жүгінер алдында «жалын түсіріп, бас ию» рәсімдерін көреміз. Құрбандыққа батырдың егізі – оның жылқысын шалудың символдық мәні бар, Жер-Анадан қымбат сый алу үшін оған ең қымбатыңды құрбандыққа шаласың.

«Маадай-Кара» жырында да символдық алмасу көрініс табады. Маадай-Караның жеріне

жамандық келіп, ол өзінің көптеген малдарымен бірге тұтқынға түскенде, Маадай-Кара жерінде сұр бие қалып, қарсылық көрсетті. Сибьға айналып, Алдайдың қожайынына келеді, ол Маадай-Караның ұлын тауып алып, оны тәрбиелейді (Маадай-Кара 1973:291–292). Жыршының биенің кедергілерден өтуін, Алтай қожайынының баласын емізген қою сүтті сыйырға айналуын барынша нақтылап жырлайды, әрі бұл сыйды бие түріндегі құрбандық шалу ретінде көрсете отырып, нәтижесінде Маадай Караның ұлын Алтай қожайынының құтқарып қалғанына назар аударады.

Сонымен қатар «Эр-Самыр» эпосында «бөтен» әлемде батырлар жүрген кезде олар кедергілерді жеңу үшін арнайы рәсімдер жүргізген:

*Јес межелик тайгаазы көрүнди.
Кан-Күлер јууктап келип
Апагаиш сүтти чачып турды,
Јаламаболзосалыптурды.
Бөрүкчечиптайгаазыбажырды.
(Ядринцев 1881: 192–193).*

Биік мысты тау көрінді.
Хан-Кюлер жақындап келіп,
Жан жағыңа ақ сүт шашты,
Сыйға баулар байлап,
Бас киімін шешіп, тауға тағзым етті.

Біздің зерттеу материалдарымыз көрсетіп отырғандай негізінде сый құрбандық шалудың және «бөтен» кеңістікке кірудің символы ретінде қарастырылған. Дәстүрлі мәдениеттегі діни жоралғылар арқылы трансценденттік шынайылықпен байланыс орнатылады. Қамқорлық үшін сый (құрбан) беру сұрау және құрбандық шалу сипатында болды. Дәстүрлі мәдениеттегі сыйдың болмысын зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, А. ван. Геннеп сыйлармен алмасуды «бөтен» әлемге өту рәсімінің бір белгісі ретінде қараса (Геннепван 1999: 32–33), М. Мосс заттар арқы-

лы байланыс – жан-рухтардың байланысы деген (Мосс 2011: 148–152) анықтама береді. А.Я. Гуревич алмасу мен сый берудің магиялық маңызы мен әлеуметтік мәнін «өзім» және «бөтен» әлемдер арасында салттық алмасу арқылы байланыс орнату негізінде зерттеген. (Гуревич 2007:68).

«Өзім» мен «бөтен» қарсылығымен басқа да ұғымдар өзара тығыз байланысқан: «шығыс» – «батыс» ұғымдарымен барлық тірі әлем байланысты, шығыстан қозғалыс күн бағытымен байланыстырылды. Осылайша әкесі баласын былай ескертеді:

*Обдбөн айтты:
«Күн падыжы жаар
сүрүкдi жан жол пар полор;
олжолбылапарба, палам!
күнчыбыжыжараңдаңжүр!»*
(Тектебей-Мерген 2018: 82–85).

Ақсақал айтты:
«Күн батыс жаққа
Өте үлкен жол болар,
Ол жолмен жүрме балам.
Күн шығыс жаққа қарай аңға бар»

Ал батыстық бағыт жамандықпен, жағымсыз кейіппен байланыстырылады. Сондықтан да қанішер Караты-Каан батыста тұрады:

*Айдың-күннің ажыдында,
Қара тайга қолтуғында,
Қара талай жарадында
Қара-Жорго атқа минген
Караты-Каанжұртаңат.*
(Алтын-Туды 2018: 326–327).

«Айдың-күннің батысында
Қара тайга қолтығында,
Қара өзеннің жағасында,
Қара-Жорға атқа минген
Қара атты Каантұрады.

Басқа батырдың жаулары да батыста мекендейді:

*Эм атанып бу турды.
Ай бадыжы алтайға,
Күн бадыжы бу жерге жүр(үн) отурды,
Алтай суудаң жарылып бүткен,
Жер эненен сүрүліп бүткен
Алтай-Буучый сыр кожонло
жүр(үн) отурды*
(Бутуев 2013: 270–271).

Аттанып, жолға шықты.
Ай батысы Алтайға,
Күн батыс жерге салт аттанды.
Алтай судан жарылып туылған,
Жер анадан суырылып туылған
Алтай-Буучый айғалап ән салып,
шауып барады.

Ал Төменгі әлем өкілдері басқаша, олар кәдімгі адамдарға ұқсамайды:

*Эки Сокрор көрүнди.
Кижидең айы жок эмпир:
Жарым кайа жаакту,
Кодыр кайа какпакту,
Коо кыранг тумчукту.*
(Кан-Кюлер, 2011: 232–233).

Сокрор көрінді
Адамдарға олар ұқсамайды:
Жарым жақты беттері,
Қақпақ тастай қастары,
Қырлы тастай тұмсықты.

немесе:

*Аттанг башка атту,
Кижидең башка бүдүштү,
Алыс жердин жееги.*
(Эр-Самыр 2018: 32–33)

Атқа ұқсамайтын атпен,
Адамға ұқсамайтын бейнемен,
Жер астының жегісі.

«Өзінің» әлеміне *баатырлардың*, отан қорғаушылардың есімдері де жатады:

Эрлу-жаан кезер болды.
(Бутуев 2013: 94–95).

Эрлу бүткен Эр-Самыр.
Эркетендү эр жақшызы –
Кан-Сулутай баатыр.
(Кан-Сулутай 2018: 238–239;
Эр-Самыр 2018: 12–13)

Антропонимдердің кейіпкерлердің оң қасиеттерін білдіретін анықтамалар, қосымшалар түрінде сөздік ортасы бар. Әрбір *баатыр* есімі өзінің ерекшеліктеріне ие. «Бөтен» әлемнің өкілдерінің есімдері бірнеше

Аранай, Чаранай – экикарындаш
Албатыныңканынсоргон,
Жетенкаанынбажынкырган
Алмын-чулмунжұтталар бар.
(Кан-Сулутай 2018: 104–105)

Ачап-сыйап Кара-Бөкө.
ЖелбисоноЖелбеген
Жердіңүстінжүдүптыр.
(Бойдон-Кёкшин 2011: 156–157;
Эр-Самыр 2018: 27).

Қорыта келгенде дүниені «өзім» және «бөтен» деп екі универсумға бөлу – мифологиялық саралау және ол әр түрлі халықтарға тән үрдіс екендігін көреміз. Алтайлықтардың батырлық жырларында «өзім» және «бөтен» сияқты әлемдерге бөлумен қатар, «өмір – өлім», «шығыс – батыс», «жақсылық – жамандық» сияқты бинарлы қарама-қарсылық көріністері байқалады.

Қорытынды

Біз талдаған материалдар түркі дүниетанымының вертикальды құрылымы Аспан, Жер және Жер асты патшалығымен бейнеленетіндігін айғақтай түседі. Талдау барысында Алтай батырлар жырларындағы мифологиялық сюжеттер руна жазба ескерткіштерінің де идеялық мазмұнымен сабақтасып жатқандығын көреміз. Күлтегін мен Білге-қағанға арналған белгілі жазбалардағы: «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер, ал оның аралығында адам ұлдары жаратылғанда» деген мәтін түркілердің түсінігінде үшбөлікті дүниетанымдық құры-

Атту-чуулу Алтай-Бучый жұртта жатты
Даңқты Алтай-Бучый жұртта жатты

Ерлігі мықты ер болды

Ерден туған Эр-Самыр
Ерлердің ең жақсысы –
Кан-Сулутай *батыр*

ерекшеліктерімен бірігетін топты құрайды. Біріншіден, «өзіме» қарсы жаулаушылық күйдегі басқа этникалық өкілдер. «Бөтен» әлемнің өкілдерінің есімдеріне мифонимдер де жатады:

Ағайынды Аранай мен Чаранай,
Халықтың қанын сорған,
Жетпіс ханның басын алған,
Айдалы күшті ерлер бар.

Сараң Қара-Бөке
Рухымен келетін құбыжық – Делбеген
Жердің үстін түгел жұтты.

лысы, сонымен бірге ежелгі түркі әлем бейнесінің кеңістіктік-уақыттық атрибуциясы сияқты дүниетанымдық көзқарасы болғандығын дәлелдейді. Бұл әлемнің ортасында түркілердің жері, ал шет жағында олардың дұшпандары орналасқан деген бинарлы қарсылық ұғымын көрсетеді. Осы тұрғыда түркілердің кеңістіктік-уақыттық дүниетанымының күрделілігін атап өту керек, бұл мағынада әлемдегі заттардың қарапайымдылығы туралы нақты айта алмаймыз.

Алтай мифтерін қазақ мифтерімен салыстырмалы талдау бізді ежелгі түркілер өздерін әлемнің ажырамас бір бөлгі ретінде қабылдағаны туралы қорытынды жасауға итермелейді. Ежелгі түркі дүниетанымы бойынша адамдар мен табиғаттың тұтастығы әлемнің жаратылуының ажырамас бөлігі ретінде көрініс беріп, олар қоршаған ортаға экологиялық қатынас мәдениеті, табиғатқа, космосқа және оның заңдарына деген сый-құрмет, табиғат, қоғам және адам қатынасы ерекшеліктері туралы дүниетанымдық философияны негіздеген.

Әдебиеттер

- Радлов В.В (1989). Из Сибири: Страницы из дневника / Пер. с нем. К.Д. Цивиной и Б.Е. Чистовой; Примеч. и послесл. С.И. Вайнштейн. – Москва: Наука. 749 с.
- Потанин (1883) Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Санкт-Петербург. Вып. 4. 944 с.
- Вербицкий В.В (1893) Алтайские инородцы. – М.: Этнограф, отд. Имп. о-ва любителей естествознания и антропологии, состоящий при Москва. ун-те, 386 с.
- Суразаков С.С (2015) «Алтай фольклор». 2-е издание, дополненное / БНУ РА «НИИ алтаистики им. С.С. Суразакова»; ред. А.А. Конунов. Горно-Алтайск. 320 с
- Муйтуева В (2004) Традиционная религиозно-мифологическая картина мира алтайцев. Горно-Алтайск. 166 с
- Ямаева Е.Е (1989) Мифы алтайцев // Фольклорное наследие Горного Алтая. Горно-Алтайск. С.172–181.
- Шерстова Л.И (2010) Бурханизм: истоки этноса и религии / Отв. Ред. В.П. Зиновьев. – Томск: Томский государственный университет.– 228 с.
- Тадышева Н.О (2018) Отражение культа дерева в традиционном мировоззрении тюрков Саяна-Алтая // Вестн. Томск. гос. университета. История. № 51. С.118–123.
- Н.Р. Ойноткинова, И.Б. Шинжин, К.В. Яданова, Е.Е. Ямаева. (2011) Несказочная проза алтайцев. Новосибирск: Наука, 576 с.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. (2011) Т.78: Қазақ мифтері. Астана, 448 б.
- Тадышева Н.О (2017) Современный похоронно-поминальный обряд тюрков Саяно-Алтая (алтайцев, хакасов и тувинцев): архаические культы и новации // Томский журнал лингвистических и антропологических исследований. Томск, Вып. 4 (18). С. 103–111.
- Ядринцев Н.М (1881) Об алтайцах и черневых татарах // Известия РГО. Томск. 17.
- Кыпчакова Л.В (2006) К вопросу о культе деревьев у алтайцев // Сибирский педагогический журнал. Выпуск №3, с. 130–136.
- Леви-Строс К. (1994) Первобытное мышление / Пер., вступ. ст. и прим. А.Б. Островского. Москва: Республика. 384 с.
- Леви-Строс К (2000) Мифология: В 4-х т. Т.3: Происхождение застольных обычаев. Москва.: Университетская книга, 461 с.
- Шокшыл-Мерген (2011) Сказитель Николай Улагашев. Алтайские героические сказания. Тексты и переводы (к 150-летию выдающегося алтайского сказителя). Горно-Алтайск, С. 44–95.
- Когютей (2018) . Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. I. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.210–317.
- Кан-Кёклён и Кан Унуты// Сказитель Николай Улагашев (2011) Алтайские героические сказания. Тексты и переводы (к 150-летию выдающегося алтайского сказителя). Горно-Алтайск, С.264–351
- Дымей-Ару ла Шимей-Ару (2018) Алтайские богатыри (Алтай баатырлар). Том IV серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск., С.158–251.
- Бойдон-Кёкшин // Сказитель Николай Улагашев. (2011) Алтайские героические сказания. Тексты и переводы (к 150-летию выдающегося алтайского сказителя). Горно-Алтайск, С.96–165.
- Алтайын Сайын Салым (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. I. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.184–205.
- Кан-Кюлер, имеющий коня Кара-Кюрена // Сказитель Николай Улагашев. (2011) Алтайские героические сказания. Тексты и переводы (к 150-летию выдающегося алтайского сказителя). Горно-Алтайск, С. 168–261.
- Бойдон-Кёкшин (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. III. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.154–217.
- Улагашев Н. Алтай-Буучай (2013) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Алтайский героический эпос. Горно-Алтайск: Горно-Алтайская типография, С.22–83.
- Маадай-Кара (1973) Алтайский героический эпос. Москва: Наука, 474 с
- Эр-Самыр (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. III. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.10–153.
- Геннепван А (1999) Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. – Москва.: Вост. лит. РАН., 198 с.
- Мосс М. (2011) Общества. Обмен. Личность. Труды по социальной антропологии. – Москва: КДУ, 416 с.
- Гуревич А.Я. (2007) Избранные труды. Культура средневековой Европы: Санкт-Петербург. Издательство СПбГУ, 544 с.
- Тектебей-Мерген (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. I. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.72–129.
- Алтын-Туды (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. I. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.322–549.
- Бутуев Ч. (2013) Алтай-Буучай // Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Алтайский героический эпос. Горно-Алтайск: Горно-Алтайская типография, С.94–175.
- Кан-Сулутай (2018) Алтай баатырлар (Алтайские богатыри). Т. III. Серии «Памятники эпического наследия Алтая». Горно-Алтайск: БНУ РА «Научно-исследовательский институт алтаистики им С.С. Суразакова», С.218–345.
- Кляшторный С.Г. (2006) Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках//Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. Санкт-Петербург, С.241-243.

References

- Radlov V.V (1989). Iz Sibiri: Stranitsy iz dnevnika / Per. s nem. K.D. Tsivinoi i B.E. Chistovoi Primech. i poslesl. S.I. Vamshtein. [from Siberia: Pages from the diary / TRANS. with it. Zivanai K. D. and E. B. Finish; note. and afterword by S. I. Weinstein], Moskva: Nayka. 749 s.
- Potanin G.N (1883). Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii [Essays On North-Western Mongolia] Sankt Peterbyrg. Vyp 4. 944 s
- Verbitski V.V (1893) Altaiskie morodtsy.[The Altai aliens] – Moskva.: Etnograf, otd. Imp. o-va liybitelei estestvoznania i antropologii, sostoiiai pri Moskva. ynivrsitete,– 386 s.
- Syrazakov S.S (2015) «Altai folklor» [Altai folklore]. 2-e izdanie, dopolnennoe / BNY RA «NII altaistiki im. S.S. Syrazakova»; red. A.A. Konynov, Gorno-Altaiisk, 320 s
- Myityeva V (2004) Traditsionnaia religiozno-mifologicheskaiia kartina mira altaitsev.[Traditional religious and mythological picture of the world of the Altaians] – Gorno-Altaiisk. 166 s
- Myityeva V (2004) Traditsionnaia religiozno-mifologicheskaiia kartina mira altaitsev.[The myths of Altai people], Gorno-Altaiisk. 166 s
- Sherstova L.I (2010) Byrhanizm: istoki etnosa i religii [Burkhanism: the origins of ethnos and religion] Otv. Red. V.P. Zinovev. Tomsk: Tomskii gosydarstvennyi yuniversitet.– 228 s.
- Tadyшева N.O (2018) Otrajenie khlta dereva v tradisionnom mirovoznanii tyirkov Saiana-Altaiia [Reflection of the tree cult in the traditional worldview of the Sayan-Altai Turk] Vestn. Tomsk. gos. yuniversiteta. Istoriiia. № 51. s. 118–123.
- N.R. Oinotkinova, I.B. Shinjin, K.V. Iadanova, E.E. Iamaeva. (2011) Neskazochnaia proza altaitsev [Fairy-tale prose of the Altai people]. Novosibirsk: Nayka, 576 s.
- Babalar sozi: Juz tomdyq. – T.78.: Qazaq mufteri [Kazakh myths] Astana, 2011. 448 b.
- Tadyшева N.O (2017) Sovremennii pohoronno-pominalnyi obriad tyirkov Saianno-Altaiia (altaitsev, hakasov i tyvintsev): arhaicheskii kylyty i novatsii [Modern funeral rite of the Turks Sayano-Altai (Altaians, Khakasians, and Tuvinians): archaic cults and innovations] Tomskii jrnal lingvisticheskikh i antropologicheskikh issledovani. Tomsk, Vyp. 4 (18). S. 103–111.
- Iadrntsev N.M (1881) Ob altaitsah i chervnyh tatarah [On the Altaians and the Chern Tatars] Izvestiia RGO, Tomsk. 17.
- Kypchakova L.V (2006) K voprosy o kylyte derev y altaitsev[On the question of the cult of trees among the Altaians] Sibirskii pedagogicheskii jrnal. Vypysk №3– 130–13s.
- Levi-Stros K. (1994) Pervobytnoe myshlenie [Primitive thinking] Per., vstyp. st. i prim. A.B. Ostrovskogo. Moskva.: Respyblika. 384 s.
- Levi-Stros K (2000) Mifologiki [Mifologiki] V 4-h t. T.3: Proshojdenie zastolnyh obychev. Moskva.; Universitetskaia kniga, 461 s.
- Shokshyl-Mergen (2011) Skazitel Nikolai Ylagashev. Altaiskie geroicheskie skazaniia [Altaic heroic tales] Teksty i perevody (k 150-letiiy vydaiyegosia altaiskogo skazitelia). – Gorno-Altaiisk, S.44–95.
- Kogiytei (2018) . Altai baatyrlar (Altaiskie bogatyri) [Altai heroes] T. I. Serii «Pamiatniki epicheskogo naslediiia Altaiia». Gorno-Altaiisk: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii instityt altaistiki im S.S. Syrazakova», S.210–317.
- Kan-Keklen i Kan Ynyti// Skazitel Nikolai Ylagashev (2011) Altaiskie geroicheskie skazaniia[Altaic heroic tales] Teksty i perevody (k 150-letiiy vydaiyegosia altaiskogo skazitelia). Gorno-Altaiisk, S.264–351
- Dimey-Ary ia Shimey-Ary (2018) Altaiskie bogatyri (Altai baatyrlar)[Altai heroes] Tom IV serii «Pamiatniki epicheskogo naslediiia Altaiia». Gorno-Altaiisk, S 158–251
- Boidon-Kekshin // Skazitel Nikolai Ylagashev(2011) Altaiskie geroicheskie skazaniia[Altaic heroic tales] Teksty i perevody (k 150-letiiy vydaiyegosia altaiskogo skazitelia). Gorno-Altaiisk, S. 96–165.
- Altaiyn Saiyn Salym (2018) Altai baatyrlar (Altaiskie bogatyri)[Altai heroes] T. I. Serii «Pamiatniki epicheskogo naslediiia Altaiia». Gorno-Altaiisk: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii instityt altaistiki im S.S. Syrazakova», S. 184–205.
- Kan-Kiyler, imeynii konia Kara-Kiyrena // Skazitel Nikolai ylagashev (2011) Altaiskie geroicheskie skazaniia[Altaic heroic tales]. Teksty I perevody (k 150-letiiy vydaiyegosia altaiskogo skazitelia). Gorno-Altaiisk. S.168–261.
- Boidon-Kekshin (2018) Altai ibaatyrlar (Altaiskie bogatyri)[Altaic heroic]. T. III. Serii «Pamiatniki epicheskogo naslediiia Altaiia». Gorno-Altaiisk: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii instityt altaistiki im S.S. Syrazakova», S. 154–217.
- Ylagashev N. Altai-Byychai (2013) Altai baatyrlar (Altaiskie bogatyri) Altaiskii geroicheskii epos[Altai heroic epic]. Gorno-Altaiisk: Gorno-Altaiiskaia tipografiia, S. 22–83
- Maadai-Kara(1973)Altaiskii geroicheskii epos.[Altai heroic epic]. Moskva: Nayka, 474 s
- Er-Samyr (2018) Altai baatyrlar (Altaiskie bogatyri) [Altaic heroic]. T. III. Serii «Pamiatniki epicheskogo naslediiia Altaiia». Gorno-Altaiisk: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii instityt altaistiki im S.S. Syrazakova», S.10–153.
- Gennepvan A (1999) Obriady perehoda. Sistematicheskoe izyichenie obriadov[Rites of passage. A systematic study of rituals.]. Moskva: Vost. lit. RAN. 198 s.
- Moss M. (2011) Obestva. Obmen. Lichnost. Trydy po sotsialnoi antropologii.[Societies. Exchange. Personality. Works on social anthropology]. Moskva: KDY, 416 s.
- Gyrevich A.Ia. (2007) Izbrannye trydy. Kylytyra srednevekovoi Evropy [Selected works. Culture of medieval Europe]. Sankt peterbyrg. Izdatelstvo SPbGY, 544s

Tektebei-Mergen (2018) Altai baatylar (Altaiskie bogatyri)[Altaic heroic]. T.I.Serii «Pamiatniki epicheskogo nasledia Altaia». Gorno-Altai: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii institut altaistiki im S.S. Syrazakova», S.72–129.

Altyn-Tydy (2018) Altai baatylar (Altaiskie bogatyri)[Altaic heroic] T.I.Serii «Pamiatniki epicheskogo nasledia Altaia». Gorno-Altai: BNY RA «Naychno-issledovatel'skii institut altaistiki im S.S. Syrazakova», S.322–549.

Bytyev Ch. (2013) Altai-Byychai. Altai baatylar (Altaiskie bogatyri) Altaiskii geroicheskii epos [Altaic heroic epic]. Gorno-Altai: Gorno-Altai'skaia tipografiia. S.94–175

Kan-Sylytai (2018) Altai baatylar (Altaiskie bogatyri) [Altaic heroic]. T. III. Serii «Pamiatniki epicheskogo nasledia Altaia». Gorno-Altai: BNY RA«Naychno-issledovatel'skii institut altastiki im S.S. Syrazakova», S. 218–345.

Kliashturnyi S.G (2006) Mifologicheskie sijety v drevnetyrkskih pamiatnikah // Pamiatniki drevnetyrkskoi pismennosti i etnokulturnai istoriia Tsentralnoi Azii.[Mythological subjects in ancient Turkic monuments//Monuments of ancient Turkic writing and ethnocultural history of Central Asia]. Sankt-Peterbyrg, S.241-243.